

Петропавл қаласы аумағында көшпелі сауданы жүзеге асыруға арналған арнайы орындар белгілеу туралы

Күші жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 12 маусымдағы N 1088 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 3 шілдеде N 13-1-222 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық әкімдігінің 2013 жылғы 27 мамырдағы N 980 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық әкімдігінің 27.05.2013 N 980 қаулысымен

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 31-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына, «Сауда қызметін реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі № 544 Заңының 27-бабына, «Ішкі сауда ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 21 сәуірдегі № 371 қаулысының 120-тармағына сәйкес қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Петропавл қаласы аумағында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы орындар белгілесін, қосымшаға сай.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Н.Б. Байбақтиновқа жүктелсін.
3. Осы қаулы оны алғаш ресми жариялаған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі *Б. Жұмабеков*
Петропавл қаласы әкімдігінің
2012 жылғы 12 маусымдағы
№ 1088 қаулысына қосымша

Петропавл қаласы аумағында көшпелі сауданы жүзеге асыруға арналған арнайы орындар

| р/к № | Автодүкендерді және (немесе) палаткаларды орналастыру орындары |
|-------|--|
| 1. | Пушкин к. – Қазақстан Конституциясы к., «F.Мүсірепов атындағы ОБЖК» ауданы |
| 2. | Казахстанская правда к. – Қазақстан Конституциясы к., «Полиграфия» АҚ ауданы |
| 3. | Мир к. - Қазақстан Конституциясы к. ОӘД ауданы |

| | |
|-----|---|
| 4. | Алтынсарин к. - Қазақстан Конституциясы к. (Орталық алаң, қалалық әкімдік алдында) |
| 5. | Парковая к. - Қазақстан Конституциясы к. «Дока-Пицца» дәмханасы ауданы |
| 6. | М. Әуезов к. - Қазақстан Конституциясы к., Қалалық мәдениет және демалыс саябағына кіре берісте |
| 7. | Қалалық мәдениет және демалыс бағы аумағында |
| 8. | Қазақстан Конституциясы к. «Рахат» С/Ү ауданы |
| 9. | Жеңіс бағы – Орталық кірер есік |
| 10. | Жеңіс саябағы – «Бақыт» ЖЖС ауданы |
| 11. | Алтынсарин к. – Интернациональная к. «Алау газ» сквері ауданы |
| 12. | М. Жұмабаев к. - Қазақстан Конституциясы к., «Әсем» әсемдік салоны ауданы |
| 13. | М. Әуезов к., ХҚКО ауданы |
| 14. | М. Жұмабаев к., М. Жұмабаев сквері ауданы |
| 15. | Есіл өзеніндегі қалалық жағажай |
| 16. | «Солтүстік жұлдызы» стеласы (Пестрое көлі) |
| 17. | Астана к. «Океан» сауда үйі ауданы |
| 18. | Интернациональная к. – Жамбыл к., «Сыра дүкені» ауданы |
| 19. | Абай к. – Алтынсарин к. «Елпе» дүкені ауданы |
| 20. | Интернациональная к. – Мир к. «Нан плюс» дүкені ауданы |
| 21. | Мир к., Киров атындағы зауыт ауданы |
| 22. | Мир к. – Ғ.Мүсірепов к. «Караван» сауда кешені ауданы |
| 23. | Мир к. – Хищенко к., «Славянка» дүкені ауданы |
| 24. | Мир к., «Экспресс» дүкені ауданы |
| 25. | Хищенко к., «Апельсин» дүкені ауданы |
| 26. | М. Әуезов к., Чайковский к., «Авангард» сауда кешені ауданы |
| 27. | Мир к., «Северный» тұрмыс үйі ауданы |
| 28. | Рижская к., 3-ші қалалық аурухана ауданы |
| 29. | К. Сүтішев к., «Дошкольник» дүкені ауданы |
| 30. | Жуков к. (20 шағын аудан) Жуков, 7 және Жуков, 9 үйлерінің арасында |
| 31. | Интернациональная к., «Черемушки» дүкені ауданы |
| 32. | Интернациональная к., «Нан плюс» дүкені ауданы |
| 33. | Сәтпаев к. «Янтарь» дүкені ауданы |
| 34. | Юбилейная к., Әскери училище ауданы |
| 35. | Ш. Уәлиханов к., «Изюминка» дүкені ауданы |
| 36. | Бөкетов к. – Пушкин к., «Медок» дүкен ауданы |